

**6D010700 - Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Бекболатова Куралай Маратовнаның «Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру» атты тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне рецензенттің**

## **ПІКІРІ**

### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қараышындағы сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үціліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Нәкты мақсатқа жетуге, білім алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану бұл заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса ешқандай жаңғыру болмайды деп, Елбасының Рухани жаңғыру бағдарламасы мақаласында атап көрсетті.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «...қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника менгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда» - деген пікірі еліміздегі жеңіл өнеркәсіп және өндірістік мекемелердің даму жолында адамзат баласының денсаулығына зиян келтірмеудің түрлі жолдарын қарастырып, экологиялық факторлар маңызын айтады. Әр азаматтың кәсіби қызметінде экологиялық зардаптардың салдарынан табиғи құндылықтардың үшін алмау мақсатында тәрбиелі, жан-жақты біліммен қаруланған, өз ұлттының мәдениеті мен салт-дәстүрін, кәсіби ойлау көзқарасы дамыған маман тәрбиелеу маңыздылығына жеке тоқталады.

Осы аталған талаптарға бейнелеу өнері мамандарының экодизайн технологиялары арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастыру процесі толықтай жауап береді. Себебі, экодизайн технологиялары қазақ халқының ерте заманнан сәндік қолөнер бұйымдарын жасаудың түрлері мен жолдарынан, бұйымдар дайындаудағы шебер орындалған кестелеу, өру, өрнектеу, басылған, тоқылған сияқты өндеу тәсілдері, бұйымдар материалдарының күміс, тері, ағаш, макта, жұн, зығыр, қыш, сазбалшық және т.б., қоршаган ортамен байланысты болғанынан хабар береді. Сәндік қолөнер бұйымдарын таза, табиғи материалдармен жасаудағы композиция, конструкция, технологиялық бірізділігін орындау әдістері жоғары шеберлікті қажет етеді. Ал, оны экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарына үйрету дәстүрлі қолөнерге, оның дәстүрлі және заманауи

технологияларын менгеруге, табиғи материалдарды пайдалану мүмкіндітерін түсінуге, кәсіби білімге, шеберлікке, кәсіби әрекеттерінің дамуына ықпал етеді. Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігінің қалыптасуының маңызын көнектіте түсүіне себеп болады.

## **2. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайлылық дәрежесі**

*Зерттеу барысында ізденуші мынадай нәтижелерге қол жеткізген:*

К.М. Бекболатованың диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайлылық дәрежесі мәселені шешу тәсілдерінің теориялық негізділігімен, ғылыми аппараттың логикалық бірізділігімен, зерттеу міндеттеріне сәйкес ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін кешенді пайдалануымен, тәжірибелік мәліметтерді сандық және сапалық талдаумен көрсетілген.

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалды – бірінші нәтиженің шынайлылығын білдіреді;

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың ерекшеліктері негізделді - екінші нәтиженің шынайлылығын білдіреді;

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың теориялық моделін жасап, өлшемдері мен көрсеткіш деңгейлері анықталды - үшінші нәтиженің шынайлылығын білдіреді;

- экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың әдістемесі жасалып, тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелденді - төртінші нәтиженің шынайлылығын білдіреді;

*Осы атаптан нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі* экодизайн технологиялары арқылы бейнелеу өнерінен білім берудің теориясы, болашақ бейнелеу өнері маманы құзіреттілігі; сәндік қолөнердегі шеберлік әрекеті туралы философиялық, әлеуметтанушылық, біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы; оқыту үдерісінің әдіснамалық негіздері; қазіргі білім беру мәселелері; кәсіптік білім беру; кәсіби еңбек әрекеттері, көркем білім беру мазмұнын дамытуға ықпал ететін педагогикалық-психологиялық және философиялық тұжырымдары мен ұстанымдарымен айқындалады.

## **3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық нәтижесі**

Жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысы барысында Қ.М.Бекболатова мынадай жаңа, әрі дәйекті ғылыми нәтижелер алған:

*Bірінші нәтиже.* Психологиялық, педагогикалық, техникалық, экологиялық әдебиттердің жан-жақты талдау негізінде «экодизайн»,

«технология», «кәсіби шеберлік» ұғымдарының мәнін анықтай отырып, «кәсіби шеберлік» ұғымына толық анықтама беруге талпыныс жасады.

*Екінші нәтиже.* Болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыруды экодизайн технологияларын қолдану ерекшеліктері нақтыланды. Экологиялық материалдардың өнделуі, безендірілуі, тиімді құралдары, қолдану аясы, технологиялық бірізділігі айқындалып, накты ұсыныстар берілді.

*Үшінші нәтиже.* Кәсіби пәндерді оқыту арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастырудың теориялық моделі жасалды. Ұсынылған модель негізінде оның компоненттерінің мазмұндық сипаты беріліп, өлшемдер мен көрсеткіштері нақтыланды.

*Төртінші нәтиже.* Тәжірибелік эксперимент жүргізу арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру әдістемесі жасалып, оның тиімділігі «Экодизайн және технология» атты әлективті курс бағдарламасы ұсынылды.

#### **4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы**

Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар бейнелеу өнері мамандарына, ЖОО, педагогикалық колледждердің бейнелеу өнері мамандарының білім алушыларына басшылыққа алуда көмегін тигізеді.

#### **5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны 14 еңбекте жарық көрген. Оның ішінде 6 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланса, 3 мақала ҚР Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 3 мақала шетелдік ғылыми базалымдарда, 1 мақала Scopus базасының деректер қорына енген шетелдік журналда жарияланған. Диссертация тақырыбы бойынша 1 оку-әдістемелік құралы жарық көрген.

#### **6. Диссертация мазмұндағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер**

Бекболатова Куралайдың докторлық диссертациясы өз бетімен жазылған, толық аяқталған жұмыс деп есептейміз. Докторант қойылған мақсат пен міндеттерді толық шеше білген. Ғылыми жұмыстың құнды идеялары басым болғанмен, диссертациялық жұмыста келесідей кемшіліктер кездеседі:

1. Докторанттың диссертациясында болашақ бейнелеу өнері мамандарының экодизайн технологиялары арқылы кәсіби шеберлігін қалыптастыру маңыздылығын анықтауы мен оны сипаттап көрсетуі орынды. Әйтсе де, кәсіби шеберліктің ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жасалып, отандық ғалымдар еңбектеріне нақтырақ тоқталғанда, артық болmas еді.

2. Эксперимент барысында ұсынылған элективті курс бағдарламасының жүргізілу сипаты толық берілген жағдайда жұмыстың құндылығы арта түсереді.

3. Диссертацияда ішінара техникалық қателер кездеседі.

Бұл көрсетілген кемшіліктер мен ескертулер зерттеу жұмысының жалпы мазмұны мен құндылығын төмендетпейді.

### **7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарға сәйкестігі**

Докторант К.М. Бекболатованаң 6D010700 - Бейнелеу өнері және сизу мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға дайындалған «Экодизайн технологиялары арқылы болашақ бейнелеу өнері мамандарының кәсіби шеберлігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысының орындалу деңгейі, теориялық практикалық маңыздылығы ҚР БжFM-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің, «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып, оның авторына 6D010700 - Бейнелеу өнері және сизу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

**Рецензент**

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік  
педагогикалық университетінің  
профессоры, п.ғ.д.**

**М.Ж. Тәңірбергенов**

